

"Жергілікті бюджеттен берілген кредиттер бойынша талаптарды тоқтату ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы № 254 қаулысының және "Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы) мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы № 100 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 5-тармағының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 936 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Жергілікті бюджеттен берілген кредиттер бойынша талаптарды тоқтату ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы № 254 қаулысы;

2) "Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы) мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы № 100 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 5-тармағы.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин